8D10139 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мухамедияров Майдан Нагашыбаевичтің «Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік медианың қолданылуы: трендтер, перспективалар және өзекті мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№ р/н	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірінің асты сызылсын)	Ресми рецензент ұстанымының негіздемесі (ескертулер курсивпен белгіленсін)
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніне сәйкес) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық зерттеу тақырыбы қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерімен, денсаулық сақтау жүйесіндегі цифрлық трансформация үдерістерімен, медицина ғылымының дамуымен, сондай-ақ медициналық ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеттерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, бұл жұмыс денсаулық сақтау саласында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың ғылыми басымдықтарына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы денсаулық сақтау жүйесінде әлеуметтік медианы пайдаланудың ғылыми және практикалық аспектілерін
		1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жоба немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келед.	

			қарастыруға бағытталған. Аталған бағыт медицина мен ғылым саласындағы цифрлық жаңғыртудың заманауи талаптары мен үрдістеріне толық сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу қоғамдық денсаулық сақтауды, медициналық коммуникацияны, цифрлық медицинаны, сондай-ақ библиометриялық және альтметриялық талдау бағыттарын дамытуға елеулі ғылыми үлес қосады. Жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы нақты көрсетілген, себебі автор әлеуметтік медианы тек ақпарат алмасу платформасы ретінде ғана емес, сонымен қатар ғылыми нәтижелердің таралуына, халықтың медициналық сауаттылығын арттыруға, мамандардың кәсіби дамуына және медициналық ақпараттың сенімділігі мәселелеріне ықпал ететін көпқырлы құрал ретінде қарастырады. Зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау жүйесіндегі, ғылыми коммуникациядағы және жарияланымдық белсенділікті

			қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық дәлелді базаны қалыптастыру тұрғысынан алғанда, зерттеу медициналық қызметкерлердің цифрлық мінез-құлқы туралы алғашқы отандық деректер жиынтығын ұсынады. Бұл деректер Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде әлеуметтік желілерді кәсіби пайдалануға арналған ұлттық ұсынымдар мен стандарттарды әзірлеуге негіз бола алады. Алынған нәтижелер еліміздің медициналық жоғары оқу орындарында цифрлық сауаттылық пен коммуникация саласындағы білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру барысында тікелей қолданылуы мүмкін.
3.	Өзі жазу принципі	Дербестік деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестік жоқ.	Ұсынылған диссертациялық зерттеу докторанттың ғылыми жұмысты жоғары деңгейде өз бетінше орындай алатындығын дәлелдейді. Ізденуші зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттерін дербес айқындап, ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау

			жүргізген, зерттеу дизайны мен заманауи әдістерді тиімді таңдап, алынған нәтижелерді өңдеп, оларды ғылыми тұрғыдан негіздей алған. Диссертацияның мазмұны мен жарияланған ғылыми еңбектер автордың өздігінен ғылыми ізденіс жүргізе алатын қабілетін, сондай-ақ аналитикалық ойлау дағдыларының және ғылыми қорытындыларды тұжырымдау машықтарының жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік қағидаты	4.1 Диссертацияның өзектілігінің негізделуі:	Зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары деңгейде негізделген. Цифрлық кеңістіктің қарқынды дамуы медициналық ақпарат алмасуда, қоғамдық пікірді қалыптастыруда, ғылыми байланыстарды нығайтуда және медицина мамандары арасындағы кәсіби коммуникацияны дамытуда әлеуметтік медианың рөлін едәуір арттырды. Сонымен қатар, әлеуметтік медианың мүмкіндіктерімен қатар дәлелденбеген және сенімсіз ақпараттың таралу
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			қаупі де күшейіп келеді. Бұл диссертациялық зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық маңыздылығының жоғары екенін айқын дәлелдейді.
		4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны жарияланған тақырыпқа толық сәйкес келеді. Зерттеу бөлімдерінде денсаулық сақтау саласында әлеуметтік медианы пайдаланудың негізгі бағыттары жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктері, жоғары дәйексөзделу көрсеткіштері мен айқын альтметриялық көрсеткіштері бар жарияланымдарды талдау, ретракцияланған ғылыми жұмыстар мәселесі, YouTube платформасындағы медициналық ақпараттың сапасы, ревматология саласындағы библиометриялық үрдістер, ғылыми журналдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі, сондай-ақ X (Twitter)
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) көрсетпейді.	

			платформасындағы хэштегтер мен аккаунттардың желілік байланыстары зерттелген.
		4.3. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері таңдалған тақырыппен тығыз байланысты және денсаулық сақтау жүйесі мен медицина ғылымында әлеуметтік медианы пайдаланудың әртүрлі аспектілерін жан-жақты талдауға бағытталған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы жүйелі түрде құрылған және мазмұны жағынан өзара логикалық байланыста берілген. Жұмыстың барлық бөлімдері бірыңғай ғылыми идеяға негізделіп, зерттеліп отырған мәселені әртүрлі қырынан жан-жақты ашуға бағытталған.
		1) толық өзара байланысты;	
		2) өзара байланыс ішінара;	
		3) өзара байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) белгілі шешімдермен салыстыра отырып дәлелденген және бағаланған:	Автор зерттеу барысында тек деректерді ұсынып қана қоймай, заманауи ғылыми әдебиеттерге, цифрлық платформалардың мүмкіндіктеріне, ғылыми көрсеткіштерге және медициналық контенттің сапасын бағалау әдістеріне
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау автордың өзіндік пікірінен емес, басқа авторлардың дәйексөздерінен тұрады;	
		4) талдау жоқ.	

			салыстырмалы әрі сыни талдау жүргізген. Ұсынылған қорытындылар жеткілікті деңгейде негізделген және басқа ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен салыстырылып талданған.
5.	Ғылыми жаңалық қағидаты	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа болып табылады ма?	Ғылыми нәтижелердің жаңалығы жоғары деңгейде бағаланады, себебі диссертациялық жұмыста денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік медианың орны мен маңызы жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, кешенді ғылыми талдау негізінде олардың библиометриялық, альтметриялық, мазмұндық және желілік ерекшеліктері ашып көрсетілген. Аталған тақырыпқа халықаралық деңгейде айтарлықтай қызығушылық болғанымен, Орталық Азия, әсіресе Қазақстан контексті іс жүзінде жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып келді. Осы диссертация бұл олқылықтың орнын толтырып, Қазақстандағы медицина қызметкерлері арасында әлеуметтік желілерді пайдалану
		1) толық жаңа;	
		2) ішінара жаңа (жаңалығы 25–75%);	
		3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан аз).	

			үлгілері туралы алғашқы жүйелі ғылыми деректерді ұсынады. Бұл өз кезегінде жұмыстың елеулі ғылыми құндылығын айқындайды. Қазақстандағы медицина қызметкерлері арасында SOMER/EULAR тобының тексерілген құралдарын қолдана отырып алғашқы онлайн кросс-секциялық зерттеу жүргізілген. Ретракцияланған жарияланымдарды талдау контекстінде бұл PubMed дерекқорында индекстелген және әлеуметтік желілерде таралған 55 ретракцияланған жарияланымға альтметриялық көрсеткіштерді қатар қолдану арқылы жүргізілген алғашқы жан-жақты талдау болып табылады. Дәйексөздер саны мен Altmetric Attention Score көрсеткіші арасында оң корреляция анықталған (rho = 0,562; p < 0,001). Бұл ресми түрде кері қайтарылғанға дейін цифрлық ортада ғылыми тұрғыдан дәл емес ақпараттың таралу механизмдерін түсінуге өзіндік үлес қосады.

			Сонымен қатар, SCImago Journal Rank (SJR) индексі мен Х әлеуметтік желісіндегі рецензияланатын журналдардың жазылушылар саны арасында айқын оң корреляция анықталған (rho = 0,594; p = 0,001). Бұл ревматология саласындағы баламалы және дәстүрлі библиометриялық көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты сипаттайтын жаңа деректер ұсынады.
		5.2 Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады ма?	Диссертацияның қорытындылары автордың зерттеу барысында алған түпнұсқа нәтижелеріне негізделген және денсаулық сақтау саласындағы кәсіби, ғылыми және білім беру қызметінде әлеуметтік медианың маңызы туралы жаңа ғылыми тұжырымдарды қамтиды.
		1) толық жаңа;	
		2) ішінара жаңа (жаңалығы 25–75%);	
		3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан аз).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер жаңа және негізделген:	Диссертациялық жұмыста цифрлық белсенділікті, ғылыми ықпалды және медициналық контенттің сапасын бағалауға арналған заманауи әдіснамалық тәсілдер ұсынылған. Кәсіби және ғылыми ортада әлеуметтік медианы тиімді
		1) толық жаңа;	
		2) ішінара жаңа (жаңалығы 25–75%);	
		3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан аз).	

			пайдалануға қатысты практикалық ұсынымдар өзектілігімен және негізділігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, олардың бір бөлігі қалыптасқан халықаралық тәжірибелер мен қолданыстағы әдіснамалық тәсілдерге сүйенеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге **негізделген**/негізделмеген немесе жеткілікті дәрежеде негізделген (qualitative research (куолитатив зерттеу) және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бағыттары үшін).	Негізгі қорытындылар сауалнама деректеріне, халықаралық ғылыми дерекқорлардан алынған ақпаратты талдауға, библиометриялық және альтметриялық индикаторларға, контент-талдау нәтижелеріне, сондай-ақ деректерді статистикалық өңдеу мен визуализациялаудың заманауи әдістеріне негізделген. Бұл алынған қорытындылардың ғылыми негізділігі мен шынайылығын арттырады.
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар	Әрбір қағида бойынша төмендегі сұрақтарға жеке-жеке жауап беру қажет:	Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар мен қорытындылар диссертациялық зерттеудің мазмұнына толық сәйкес келеді, логикалық тұрғыдан негізделген және жарияланған ғылыми мақалалардың нәтижелерімен расталған.
		7.1 Қағида дәлелденген бе?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) ағымдағы тұжырымдамада қағиданың тривиалдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа болып табылады ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) ағымдағы тұжырымдамада қағиданың жаңалығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең;	
		4) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес	
8.	Сенімділік қағидаты	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеудің әдіснамалық негізі жеткілікті деңгейде негізделген және жан-жақты сипатталған. Қойылған ғылыми міндеттерді жүзеге асыру үшін әртүрлі зерттеу тәсілдері тиімді
	Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың сенімділігі	**1) иә;**	
		2) жоқ.	

			қолданылған, олардың қатарында көлденең зерттеу (cross-sectional survey), библиометриялық және альтметриялық талдау, контент-талдау, сондай-ақ желілік талдау әдістері бар.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін компьютерлік технологияларды қолдана отырып пайдалану арқылы алынған:	Зерттеу барысында халықаралық деңгейде кеңінен қолданылатын халықаралық дерекқорлар мен цифрлық платформалар пайдаланылған. Сонымен қатар, деректерді өңдеу және талдау үшін SPSS, VOSviewer бағдарламалары, API-құралдар және библиометриялық сервистер тиімді қолданылған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Қоғамдық денсаулық сақтау және цифрлық деректерді талдау саласында орындалған диссертациялық зерттеудің қорытындылары эмпирикалық деректерге, сауалнама нәтижелеріне, сандық талдау әдістеріне және әртүрлі ақпарат көздерін салыстырмалы бағалау нәтижелеріне негізделген.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара расталған/расталмаған.	Негізгі ғылыми қорытындылар заманауи әрі өзекті ғылыми дереккөздермен, сондай-ақ халықаралық дерекқорлар мен цифрлық платформалардан

			алынған мәліметтермен негізделіп, расталған.
		8.5 Қолданылған әдеби дереккөздер әдеби шолуды жасау үшін **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруға және ғылыми нәтижелерді салыстырмалы талдауды жүргізуге қажетті материалдарды жеткілікті деңгейде қамтиды әрі сапалы ғылыми дереккөздерді қамтитын мазмұнды әдебиеттер қорынан тұрады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертациялық зерттеу денсаулық сақтау жүйесіндегі, медицина ғылымындағы және ғылыми коммуникация үдерістеріндегі әлеуметтік медианың маңызы туралы ғылыми түсініктерді тереңдетуге ықпал етеді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелері медицина қызметкерлерінің әлеуметтік медианы тиімді әрі қауіпсіз пайдалануына арналған ұсынымдарды әзірлеуде, білім беру үдерісінде, медициналық контент сапасын бағалау жүйесінде, сондай-ақ ғылыми журналдардың цифрлық даму
		1) иә;	
		2) жоқ.	

			стратегияларын қалыптастыру барысында қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикаға арналған ұсыныстар жаңа болып табылады:	Практикалық ұсынымдар халықаралық тәжірибе мен заманауи ғылыми деректерді ескере отырып әзірленген. Сонымен қатар, олардың Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі мен ғылыми кеңістігінің ерекшеліктеріне бейімделуі жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығын арттыра түседі.
		1) толық жаңа;	
		2) ішінара жаңа (жаңалығы 25–75%);	
		3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан аз).	
10.	Жазылу және рәсімделу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазылған, оның мазмұны жүйелі түрде құрылымдалған, ал рәсімделуі сауатты орындалып, белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша елеулі ескертулер анықталған жоқ. Кейбір ғылыми қорытындыларды кеңірек түсіндіру және синтетикалық тұрғыдан жинақтап қорыту қажет. Аннотацияда ревматология саласындағы журналдардың не себепті таңдалғаны жеткілікті деңгейде негізделмеген. Зерттеу нәтижелерін практикалық енгізу туралы ақпарат жеткіліксіз ұсынылған. Алайда аталған ескертулер тек ұсынымдық сипатқа ие және жұмыстың жалпы жоғары бағасына әсер етпейді.	

12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалатын жағдайда ресми рецензенттер әрбір мақаланың ғылыми деңгейіне жеке-жеке пікір білдіреді)	**1. Мақала: «Social media landscape: a cross-sectional survey of health professionals»** Ғылыми деңгейі: мақалада медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді пайдалануына талдау жасалған. Зерттеу онлайн-сауалнама форматында жүргізілді, соңғы талдауға 147 респонденттің деректері енгізілді. Жұмыс жоғары ғылыми деңгейге ие, өйткені ол әлеуметтік желілерді кәсіби пайдалану ерекшеліктерін, медицина қызметкерлерінің цифрлық коммуникацияны оқытудағы мотивациясын, кедергілерін және қажеттілігін ашады. Интернет-сауалнамалар жүргізу бойынша халықаралық ұсынымдарды пайдалану зерттеудің әдіснамалық негізділігін растайды. **2. Мақала: «Altmetric Activity and Scientific Integrity: A retraction analysis of PubMed-Indexed Social Media-Related Publications»** Ғылыми деңгей: мақалада әлеуметтік медиамен байланысты және PubMed базасында индекстелген 55 ретрагирленген жарияланымдарға талдау жасалды. Жарияланымнан бастап ретракцияға дейінгі орташа уақыт 541 күн, ал медианалық Altmetric Attention Score (AAS) 1,5 болды. Дәйексөздер саны мен AAS (rho = 0,562; p < 0,001) арасында оң корреляция анықталды. Жұмыс жоғары ғылыми деңгейге ие, өйткені ол ғылыми адалдық пен ғылыми ақпараттың цифрлық таралуы мәселелерін зерттеу үшін библиометриялық және альтметриялық тәсілдерді біріктіреді. **3. Мақала: « Publication activity trends in the field of social media in rheumatology: a Web of Science-based bibliometric analysis»** Ғылыми деңгейі: мақалада 2015-2024 жылдардағы Web of Science базасы негізінде ревматологиядағы әлеуметтік медиа тақырыбы бойынша жарияланым белсенділігіне библиометриялық талдау жасалды. Бастапқыда 251 басылым анықталды, оның ішінде іріктеуден кейін талдауға 152 мақала енгізілді. Жарияланымдар санының статистикалық маңызды өсуі анықталды (p = 0,001), ал сызықтық регрессия моделі жарияланым белсенділігінің 75,6% өзгеруін түсіндірді (R2 = 0,756). Зерттеу заманауи библиометриялық әдістер мен халықаралық дерекқорларды қолдану арқылы жоғары ғылыми деңгейді көрсетеді. **4. Мақала: «Social media landscape of rheumatology journals»** Ғылыми деңгей: мақалада әлеуметтік желілердегі ревматологиялық журналдардың белсенділігі және оның библиометриялық көрсеткіштермен байланысы зерттелген. 76 ревматологиялық журнал талданды, оның 29-социальных (38,2%) әлеуметтік желілерде ресми аккаунттары болды. X (Twitter) ізбасарларының саны мен SJR (ρ = 0,594; P = 0,001) көрсеткіші арасында оң корреляция орнатылды. Жұмыс жоғары ғылыми маңыздылыққа ие, өйткені ол журналдардың сандық белсенділігінің олардың ғылыми көрінуіне және дәйексөзге әсерін ашады. **5. Мақала: «Analysis of the quality and credibility of health-related content on YouTube: cross-sectional study»: кросс-секциялық зерттеу»**

		Ғылыми деңгей: мақала YouTube платформасындағы медициналық мазмұнның сапасы мен сенімділігін бағалауға арналған. Талдау үшін 162 бейне таңдалды, оның 74,1% пайдалы деп танылды, ал 25,9% жаңылыстыратын ақпаратты қамтыды. Зерттеу GQS шкалалары мен өзгертілген DISCERN көмегімен жүргізілді. Дұрыс емес ақпараты бар бейнелер сапасы мен сенімділігінің төмендігіне қарамастан, көру жылдамдығының жоғарылағаны анықталды. Жұмыс өзектілігімен, практикалық маңыздылығымен және медициналық мазмұнды бағалаудың валидацияланған құралдарын қолданумен ерекшеленеді. **6. Мақала: «Top 50 most cited articles on social media and healthcare: an altmetric analysis»** Ғылыми деңгейі: мақалада әлеуметтік медиа және денсаулық сақтау тақырыбы бойынша ең көп келтірілген 50 жарияланымға талдау жасалды. Altmetric Attention Score орташа көрсеткіші 433,58, ал дәйексөздер саны мен альтметрия арасындағы корреляция коэффициенті rs = 0,369 (p < 0,05) екендігі анықталды. Зерттеу психикалық денсаулық, медициналық жалған ақпарат және қоғамдық денсаулық сақтау сияқты жетекші ғылыми бағыттарды анықтады. Библиометриялық және альтметриялық талдаудың заманауи әдістерін қолданудың арқасында жұмыс жоғары ғылыми деңгейге ие. **7. Мақала: «Social media and health care: a cross-sectional analysis of X (Twitter) posts using the NodeXL platform»** Ғылыми деңгей: мақалада nodexl платформасын қолдана отырып, денсаулық сақтау тақырыбы бойынша х әлеуметтік желісінің (Twitter) жарияланымдарына талдау жасалды. Зерттеу цифрлық коммуникациялардың құрылымын, негізгі тақырыптық байланыстарды және әлеуметтік желілерде медициналық ақпараттың таралу ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік беретін желілік талдау әдістерін қолдана отырып жүргізілді. Жұмыс жоғары ғылыми деңгеймен, өзектілігімен және заманауи цифрлық аналитикалық құралдарды қолданумен сипатталады. **Жалпы қорытынды:** Осылайша, ұсынылған жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және біртұтас ғылыми тұжырымдаманы қалыптастырады. Жұмыста библиометриялық, альтметриялық, статистикалық және желілік талдау сияқты заманауи талдау әдістері, сондай-ақ халықаралық дерекқорлар мен цифрлық платформалар қолданылған. Алынған нәтижелер ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Бұл докторанттың жоғары ғылыми деңгейін және диссертациялық зерттеуді орындауға жеткілікті әдіснамалық дайындығын көрсетеді.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік медианың қолданылуы: трендтер, перспективалар және өзекті мәселелер» тақырыбындағы, 8D10139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес ғылыми зерттеу болып табылады, ғылыми жаңалыққа, теориялық және практикалық маңыздылыққа ие, ал оның нәтижелері сенімді және негізделген. Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп есептеймін, ал оның авторы Мухамедияров Майдан Нагашыбаевич 8D10139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Медицина ғылымдарының кандидаты, профессор,
ВИЧ инфекциясы және инфекциялық бақылау курсы бар
эпидемиология кафедрасының меңгерушісі,
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті **Мергенова Гаухар Айдарбековна**

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного обеспечения и контроля
НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова»